



Ақмешіт

18 мамыр
сенбі

№39 (2049)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Биыл аймақтың ата басылымы
«Сыр бойы» газетіне 95 жыл болса,
өңірдегі алғашқы тәуелсіз газет саналған
«Ақмешіт апталығы» газетіне
30 жыл толып отыр. Қос басылымның
мерейлі жылында оқырмандармен бірге
түрлі іс-шаралар өтуде. Соның бірі –
«Журналистика – мәні терең мамандық»
атты оқушылар арасында өткен жас
ақындар мүшәйрасы.
Мүшәйрада 9-11 сынып аралығындағы
11 оқушы бақ сынады.

БАСПАНА. БАҒДАРЛАМА. БАҒА.

Статистикаға сүйенсек, қазіргі кезде елімізде 600 мыңнан астам адам баспана кезегінде тұр. Кезекке тұрмай, үйсіз жүргендер да аз емес екені белгілі. Жыл өткен сайын баспанаға деген сұраныс арта түсуде. Елімізде сұранысқа сай тұрғын үй салу, қарапайым халық үшін тиімді бағдарламалар саны артуда. Бұған дейін жүзеге асып жатқан «7-20-25», «Нұрлы жер», «Өз үйім», «Әскери баспана», «Бақытты отбасы» секілді бағдарламаларды айтпағанда, биылдың өзінде екі бірдей тұрғын үй бағдарламасы іске қосылды. «Отау», «Наурыз» деп аталатын қос бағдарламаның тиімділігі туралы да сөз кейінірек тоқталамыз. Әуелі елдегі баспанамен қамту жайын айтайық...



Құрылыста қарқын бар

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, соңғы 5 жылда тұрғын үй құрылысына 12 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды, 78,5 млн шаршы метрге жуық жаңа тұрғын үй пайдалануға берілген. Нәтижесінде 695 мың отбасы баспаналы болған. Биыл да елімізде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізілуде. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтің айтуынша, 2030 жылға қарай барлық қаржыландыру көзі есебінен 111 млн шаршы метр тұрғын үй құрылысы жоспарлануда. Бұл 1 млн-нан астам отбасыны жаңа баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Биылдың өзінде халықты баспанамен қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй құрылысының көлемі 15,5-тен 18 млн шаршы метрге дейін ұлғайтылған. Нәтижесінде халықтық әлеуметтік жағынан осал топтарын жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 339 млрд теңгеге 22 мыңнан астам пәтер сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар әкімдіктердің мемлекеттік бағалы қағаздарды

шығару арқылы 110 млрд теңге сомасына 10 мың несиелік пәтер салу жоспары бар.
– Президент қол қойған кәсіпкерлік мәселелері туралы заң жобасы аясында әкімдіктерге нарықта несиелік тұрғын үй салуға ғана емес, сонымен қатар сатып алуға да құқық берілді, бұл қаражат айналымы арқасында тұрғын үй көлемін жыл сайын ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деді министр.
Бұл орайда жылдық 2-5 пайыздық мөлшерлеменен жеңілдетілген ипотека бойынша 7 мыңға жуық несие беруге 81 млрд теңге бөлінген. Сондай-ақ 9 пайыздық мөлшерлеменен «Отау» ипотекалық бағдарламасы бойынша 150 млрд теңгеге 8 мың несие беру көзделген. Ал «Наурыз» бағдарламасы аясында 300 млрд теңгеге 12 мың несие беру жоспарланған. Сонымен қатар «7-20-25» бағдарламасы бойынша 100 млрд теңгеге 5 мыңға жуық несие берілімек. Нәтижесінде биыл тұрғын үй құрылысын жақсартуға 1 трлн теңгеден астам қаржы бөлініп, 64 мың азамат баспаналы болады деген жоспар бар.
Өңірде де тұрғын үй құрылысы қарқынды жүруде. Бүгінде тұрғын үй құрылысын салуға 16

млрд теңге қаржы бөлініп, тиісті жобалар қолға алынды. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында қаржыландырудың барлық көздерінен 701,6 мың шаршы метрді құрайтын көпқабатты тұрғын үйлер пайдалануға берілімек.
– Биыл тұрғын үй құрылысына облыстық бюджеттен 2,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Бюджеттен бөлінген бұл қаржыға 754 пәтерді құрайтын 11 тұрғын үй салынады. Сондай-ақ 5 қабатты 10 тұрғын үйдің тиісті жобасы әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Бұдан бөлек, қосымша 7 қабатты 10 тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Ал халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 296 пәтерді сатып алуға тиісті қаржы қарастырылды. Осы жылдың қаңтар айында қаржыландырудың барлық көздерінен 63,5 мың шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне пайдалануға берілді, – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Мәди Әліп.

3-БЕТТЕ

МЕМОРАНДУМ: Арал ауданында университет филиалы ашылады

Кеше Қызылорда ашық университетінде облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, Арал ауданының әкімі, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол Оңғарбаев пен Қызылорда ашық университеті ректорының міндетін атқарушы Абайбек Жүнісов университет қалыңдары мен профессор-оқытушылары, БАҚ өкілдерінің қатысуымен университеттің Арал қаласында қашықтан білім беру орталығын ашу жөніндегі келісімге қол қойды.

Университет ректорының міндетін атқарушы Абайбек Жүнісов Қызылорда ашық университетінің тарихына және келісімінің мәніне тоқталды.
– Қызылорда ашық университеті облыстық білім басқармасы және Арал ауданы әкімдігімен бірлесіп Арал қаласынан университеттің қашықтан оқыту орталығын ашу мақсатында келісімге қол қойды. Қызылорда ашық университеті 25 жыл тарих бедерінде биік белестерді бағындырып, 23 білім беру бағдарламасы бойынша маман даярлап келеді, – деді Абайбек Жүнісов.
Өз кезегінде Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев 23 мамандық бойынша маман даярлайтын университет филиалын

ашу аудан тұрғындары үшін тиімді екенін жеткізді.
– Арал өңіріндегі жас жеткіншектер Ақтөбе және өзге қалаларда оқуға бейім. Оған жол жақындығы себеп. Десе де ауданда әлеуметтік жағдайы әртүрлі отбасы бар. Оқу ақысы тиімді болғандықтан, аймақ басшысының қолдауымен техника ғылымдарының докторы Қылышбай Бисенов негізін қалаған ашық университетімен оқу орталығын ашу үшін келісім жасауды ұйғардық, – деді аудан басшысы.
Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов Арал ауданында Қызылорда ашық университетінің филиалының ашылуына қолдау көрсететінін айтып, жаңа бастамаға сәттілік тіледі.



Бұл бастама аралдықтар үшін жағымды жаңалық. Әсіресе жас жеткіншектер үшін қолайлы болмақ. Енді жастар үйінен жырақтамай, Қызылорда ашық университетінің аудандық филиалында 23 мамандық бойынша білім алады.

Айта кетейік, биыл 23 наурызда Қызылорда ашық университеті Азия

Ашық университеттер қауымдастығына (Asian association of open universities - AAOU) қауымдастырылған мүшесі болып қабылданды. Бүгінде бұл университет қауымдастықтағы алғашқы және жалғыз қазақстандық ашық және қашықтан білім беруге арналған жоғары оқу орны.

Н.МҰҚАТАЕВА



Тілшіліктің бағындырып заңғарын, Тіршілікке тіл бітірген мамандар!

Талапты жастарға облыстық «Сыр бойы» газетінің редакторы Қуат Шарабидинов сәттілік тілеп, қасырға жуық тарихы бар басылымның тарихынан сыр шертсе, «Kyzylordanews.kz» ақпарат агенттігінің редакторы Әзиз Батырбеков қос басылымды мерейтойымен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Гүлмира Ділдібекова қолына қалам ұстаған жас өрендердің талпынысына тәнті болып, әрдайым жастарға қолдау білдіруге дайын екенін айтты.

Жастардың үні – «Ақмешіт жастары» газетінің ұжымы бастама көтеріп, «Сыр медиа» ЖШС ұйымдастыруымен еркін форматта өткен шарада талантты жастар



Данияр Құрбанәлі мен Мереке Қуаныш иеленді. Ал III орынды Расул Жеткерген мен Нұрайна Жүсіпбекова және Талшын Оспан иеленсе, «Көрермен қозаймы» номинациясы бойынша Ақтай Нұрбек марапатталды. Сондай-ақ барлық қатысушыларға алғыс хат пен арнайы сыйлық табысталды.

Шығармашылыққа қадам басқан жастардың арасында қызығы мен шығармашылығы мол журналист мамандығының сырын ұғу үшін ізденгендері өлеңінен байқалады. Мәселен, бас жүлдені жеңіп алған Ұлықбек Бектай өз өлеңінде мамандықтың қыр-сырын ашуға талаптанғаны байқалады.

Апат келсе, далаң опат, жері – су, Бірге жүріп көрсету мен көрісу, Біреулердің қуанышын бөлісу – десе, енді бір шумағында

Адам болып, адал ғұмыр кешетін, Әдебиет пен мәдениеттің айнасы, – деп мамандықтың қасиетін ұғынуға тырысады. Осы тұста айта кетелік, мақала тақырыбын да жас ақынның өлең жолдарынан алдық.

Ең бастысы, талантты жастардың сөз өнеріне деген – көңілі, құрметі сезіледі. Ақ қағазға түскен, аппақ көңілден туған өлеңдерді тыңдай отырып, жастардың оқуға деген ынтасына риза болдық.

«Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» демекші, аға буын кейінгі толқынның ынтасы мен ықыласына алғыс айтып, сәттілік тіледі.

Н.АЛТЫН



өлең оқыды. Смартфонды емес, қағаз бен қаламды серік еткен жас ұрпақтың көптігі, «оқысам, білсем» деген ынтасы көңілге қуаныш ұялатты. Ең бастысы, ынта мен ниет болғаны.

Мүшәйраға 20 үміткер қатысып, іріктеу кезеңінен 11-і өткен. Жүзден жүйрік шығудан үмітті 11 жас ақын қорытынды кеште екі өлеңнен оқыды.

Айта кетейік, байқауға «Ұстаз мәртебесі» газетінің бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімі меңгерушісі Жанар Бимұратқызы мен ақын Ақжол Түменбай төрелік етті.

Мүшәйра қорытындысында жас ақын Ұлықбек Бектай бас жүлде алса, I орынды Мерей Қалабай, II орынды

ҚАРАШАҢЫРАҚ

ҰЙҚЫСЫ ТЫНЫШ АУЫЛ

4-БЕТТЕ



Баспасөз-2024

«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүрүде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төрінде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге,
мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

АҒАЙЫН,

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ: ЖЕҢІС ПЕ, ЖЕҢІЛІСПЕ?

3-БЕТТЕ

Қала әкімі Серік Қожаниязовтың төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтіп, онда өзекті екі мәселе талқыланды.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Қазір қалада 150 көпқабатты несіз үй бар, яғни олар кондоминиум нысанын ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тиісті пәтер иелері кооперативінің қарауына тіркелмеген. Осы мәселенің құқықтық тәртібі зерттеліп, алдағы уақытта тұрғын үйлердің тиісті құжаттары рәсімделіп, конкур арқылы кондоминиум нысанын басқарушы органы тағайындалатын болады.

Ал жаппай кәсіпкерлікті дамыту және инвестиция тарту бойынша біршама ілгерілеушілік бар. Атап айтқанда, қалада кәсіпкерлер саны 33 296 -ға жетіп, оның 93,7 пайызы тұрақты жұмыс істеп келеді. Бұл секторда 66 450 адам жұмыспен қамтылған. Бүгінде 527,4 миллион теңгенің өнімі өндірілген. Сол секіріде бөлшек сауданың нақты көлем индексі 102,4%, көтерме сауда 104 пайызға өсіп отыр.

2024 жылға инвестиция тартуға қойылған жеке 24,8% орындалды. Жалпы инвестиция тартуға қойылған жеке орындалуы, аймақтағы мұнай компаниялары, жеке ресурстар, мемлекеттік бюджет және жылжымайтын мүлікпен операциялар есебінен қамтамасыз ету көзделуде. Бұдан бөлек, инвестиция көлемі сауда базарларын жаңғырту жұмыстары аясында қарастырылуда.

Қала аумағындағы 3 әмбебап базары «Сауда базарларын жаңғырту жөніндегі» жол картасына енгізілген. Осы жұмыстар аясында 2025 жылға дейін 7 млрд теңге, оның ішінде 3 млрд теңгесі биылға көзделген.

Сонымен қатар тұрақты бизнес пен кәсіпкерлік бастамаларды қаржыландыру шаралары өз жалғасын таппақ. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 612,8 млн теңгені құрайтын 56 жобаны несиелендіру жоспарлануда. «Жастарға арналған несиелендіру» бағдарламасы шеңберінде 875 млн теңгеге 175 жобаны қаржыландыру көзделіп отыр. Сондай-ақ «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік нысаны қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылай қолдау» бағдарламасы аясында 600 жобаның несиелеріне субсидиялау және кепілдендіру құралдарымен қолдау көрсету көзделуде.

Шаһар басшысы инвестиция тарту бойынша кент, ауылдық округтердегі бүгінгі жағдайды біліп, жұмыс жүргізудің жүйесін нақтылап, жауапкершілікті күшейту керектігін айтты. Сонымен қатар жауапты бөлімдерге санитарлық тазалықты жүйелі ұйымдастыруды, келер жылы аталып өтілетін Жеңістің 80 жылдығына орай тынғылықты дайындық жасауды, «Тағзым» аландарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

– Мәжілісте көтерілген екі мәселе назардан тыс қалмайды. Әр салаға тапсырылған жұмысқа жауапкершілікпен қарау керек, – деп атап өтті қала басшысы.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Осы аптада қала әкімдігінің актив отырысында қала әкімі Серік Қожаниязов қаржы саласының ардагері Ирина Кимді мерейтоймен құттықтады.

– Жіын экономика ғылымдарының докторы, қаржы саласының ардагері Ким Ирина Леонидқызының 70 жасқа толған мерейтойы құрметіне арналуда. Құрметті Ирина Леонидқызы, саналы ғұмырыңызды қаржы саласына арнап, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қызылорда арнайы экономикалық аумағын құру туралы бастаманы жүзеге асыруға анбай еңбек еттіңіз. Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әлауқатының артуына қосқан үлесіңізді Сыр жұртшылығы ерекше бағалайды. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін. Сізге облыс әкімінің құттықтауын табыстауға рұқсат етіңіз, – дейді шаһар басшысы.

Ирина Ким еңбек жолын Қызылорда теміржол бөлімшесінде инженер-экономист болып бастап, облыстық экономика басқармасының басшысы,



Қызылорда қаласы әкімінің бірінші орынбасары, арнайы экономикалық аймақ төрағасының орынбасары, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, қаржы басқармаларының басшысы, облыс әкімінің кеңесшісі, «Байқоңыр» СПК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарған.

Ис-шара барысында мерейтой иесіне Қызылорда қаласының

дамуына қосқан үлесі үшін қаланың ең жоғарғы марапаты «Құрмет грамотасы» табыстылды. Мерейтой иесін қоғам қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Өмірбек Шәменов құттықтап, Қызылорда облысының «Құрметті ардагері» медалімен марапаттады.

– Ирина Леонидқызымен 20 жылдай бірге қызметте болдым. Облыстың экономикасын көтеру бағытында ірі жобаларды жүзеге асыруға үлес қосты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елде өте қиын кезең болды. Сол кезеңде Ирина Леонидқызының еңбегі ерен. Қаржы саласын басқару оңай емес. Атқарған әрбір ісі бәріміздің көз алдымызда. Біз үлгі тұтарлық азаматша, – деп мерейтой иесіне тілегін жолдады. Оған қоса, облыстық мәслихат депутаты Балжан Мөрілікқызы және еңбек жолында қызмет атқарған бірқатар әріптестері құттықтап, игі тілектерін жеткізді.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ
Сурет қала әкімдігінің баспасөз қызметінен алынды

ОТБАСЫ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАН АНАЛАР



Отбасы – мемлекет тірегі. «Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Шаңырақтың шырайы мен ынтасын жарастырып, отбасы мүшелерінің ауызбіршілігін үйлестіріп, ұйытқы болатын ол – ақылғой әже, ақ жаулықты ана. Алтын құрасты аналарға қандай құрмет көрсетсе де жарасымды.

Халықаралық отбасы күніне орай, қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлерін айтулы мерекемен құттықтады.

– Бейбіт тірлік пен берекелі бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің ұйытқысы болған барша қыз-келиндерге, апа-қарындастарымызға, аяулы аналарымызға шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Сіздер отбасының түтінін

түзу ұшырып, ел болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде шексіз еңбек сіңіріп келесіздер. Бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін, – делі Айдын Бөкенбайұлы.

Айта кету керек, бүгінде қаламызда көпбалалы отбасы саны – 14907. 2017 жылдан бері 382 ана «Алтын алқа», 1491 ана «Күміс алқа» иегері атанған.

Жиында ардақты аналар мен қыз-келиндерге қала әкімінің құттықтау хаты табысталып, гүл шоқтары мен мерекелік сый тарту етілді.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

РУХАНИЯТ ШАМШЫРАҒЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Өріс Яшүкірқызының мерейлі 75 жасқа толуына орай «Өрістің рухани өрісі» атты кездесу кеші өтті.



Облыстың зиялы қауым өкілдері, шығармашыл топ жетекшілері, ардагерлер қатысқан тағлымды кеште мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жаңұзақов жазушының мерейлі жасымен құттықтап, облыс әкімінің «Құрмет грамотасын» табыстады.

Мұнан соң ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сырдария ауданының құрметті азаматы Махмұтбай

Әміреұлы, белгілі суретші, «Құрмет» орденінің иегері Амангелді Кененбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, мерейтой иесіне сый-сияпат көрсетті.

Облыстық филармония әншілері және Айдарлы ауылдық «Өзгелер» ансамблі әннен шашу шашты.

Салтанатты шара аясында «Қазіргі қазақ детективі» тақырыбындағы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕДЕГІ СЕРПІЛІС



Арал ауданында 2024-2028 жылдар аралығында 13 инвестициялық жоба жүзеге аспақ. Ал биыл құны 3,4 млрд теңгені құрайтын «СamelPro» ШҚ заманауи су сақтау технологияларын пайдалана отырып жоғары қалориялық жоньшқа өсіру, «Арал Проф Н» ЖШС «Темірден дайын өнімдерді өндіру» жобасы және жеке кәсіпкер Жұбанш Аманжолұлының «Былғал майлықтар өндіру цехын ашу» жобасы іске қосылады деп жоспарлануда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев айтты.

Жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы баяндаған аудан әкімі биыл 4,1 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылғанын ерекше атап өтті. Оның 1,5 млрд теңгесі ауылдық жерлерге тиесілі болса, 2,6 млрд теңгесі Арал қаласының үлесінде. Ал жалпы ауданның бюджеті 15,2 млрд теңгеге жетіп, 105,3 пайызды құраған.

Ауданның экономикалық-әлеуметтік ахуалы жылдан-жылға артып келеді. Бұл бағытта биыл бірқатар жобаларды жүзеге асыру көзделуде. Мәселен, 2024-2028 жылдары ауданда «Бірыңғай индустрияландыру картасы», «Жалпыұлттық жобалар пулы» және «Өңдеу өнеркәсібі» жобасы бойынша құны 174,8 млрд теңгені құрайтын 13 инвестициялық жоба жүзеге асуы тиіс. Оның ішінде жоғарыда аталған 3 жоба биыл іске аспақ. Ауданда кәсіпкерлік, өнеркәсіп саласы да қарқынды дамып келеді. Жыл басынан бері 148,1 мың

тонна тұз, 49,4 мың текше метр табиғи кұм қазылып, 84,8 мың тонна йодталған тұз, 1494 тонна балық және балық өнімдері өндірілген.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласында 2022-2024 жылдарға арналған «Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың жол картасы» аясында 792 млн теңгені құрайтын 30 жоба жүзеге асыру жоспарланып, бүгінгі күні 24-і іске қосылған. Осы орайда аудан әкімі биыл жол картасына өзгерістер енгізіліп, құс, егін, тоған шаруашылықтары, гидротехника және биогумус бағытын қамтитын қосымша 12 жоба қосылғанын тілге тиек етті.

– Жыл басынан бері мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде ауданымызда «Өңірлік инвестициялық орталық» арқылы 53,8 млн теңгеге 10 жоба, «Атарлық несиелендіру компаниясы» АҚ арқылы 144,5 млн теңгеге 10 жоба, «11 деңгейлі банктердің жеңілдетілген несиелері» арқылы 756 млн теңгеге 15 жоба барлығы 35 жобаға несиеленді. Туризм саласына инвестиция тарту бағытында ауданда құны - 2,4 млрд теңгені құрайтын 3 мейрамхана, 1 қонақ үйі және «Арал» қонақ үйі жанынан бассейн, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы бойында сервистік қызмет, газ құю бекетінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс саласында да айтарлықтай өсім бар. Биыл 1,1 млрд теңгені құрылыс жұмыстары жүргізіліп, 4,8 есеге артық орындалды. Аудан халқы үшін тағы бір жағымды жаңалық осы жылы Сексеуіл кенті көгілдір отынға қосылмақ. Құны 3,5 млрд теңгені құрайтын жоба жыл соңына дейін пайдалануға берілмек.

Сондай-ақ «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Арал қаласындағы №4, №5 және №6 шағын аудандарда газ желілерінің құрылыстары, №1 шағын ауданында электр желісінің құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Аманжолкелде 150 орындық ауылдық клуб, Шияжағ елді мекенінде заманауи спорт кешені салынып, Шияжағ елді мекені мен Арал қаласында 0,4 және 10кВа әуе желілері жүргізілетін болады, – делі аудан әкімі.

Биыл ауданда жалпы ұзындығы 12 шақырым болатын кәріз желісінің құрылысы салынып, оған 15 әлеуметтік нысан қосылады деп жоспарлануда. Ал елді мекендерді орталықтандырылған ауызумен қамту жұмыстары Тоқабай, Абай ауылында жалғаса, Ақбасты елді мекені биыл ауызумен қамтылады. Ауданның инфрақұрылымын жақсарту мақсатында да ауқымды шаралар жүзеге асады. Оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында бірқатар республикалық маңызды автожолдар, аудан, ауыл көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

– Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданымызда 300 орындық 4 бірдей білім ордасы бой көтереді. Оның ішінде, Арал қаласындағы «Арай» шағын ауданынан және Сексеуіл кентінен салынып жатқан білім ұялары биылғы оқу жылында пайдалануға берілмек. Бұдан бөлек, денсаулық сақтау саласы нысандарының тапшылығы, басқа да өзекті мәселелер шешімін табуда. Биыл Сексеуіл кентіндегі 40 орындық аурухана пайдалануға беріліп, Тоқабай елді мекенінде дәрігерлік амбулатория салынып, Оған қоса, аудандық аурухананың жанынан жапсаржай және Арал қаласының Шаңхай шағын ауданынан ауысымына 250 адамды қабылдайтын емхана құрылысы да биыл басталады. Аудандық ауруханадан негізінде 54 түсетік «Кардиология» және «Инсулт» бөлімшелері ашылып, жұмыс істеуде. Бұған қоса, биыл аурухананы МРТ және ангиограф қондырғыларымен жабдықтау жоспарлануда. Сондай-ақ «А.Байтұрсынұлы» ауылдық емханасының бос тұрған Б блогын 2 жөне 17 жас аралығындағы мүгедектігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған «Қамқорлық» ерте оналту орталығын ашу үшін реконструкция жасауға 360 млн теңге қаржы қаралып, жұмыс басталып кетті. Орталық ашылса «Қазақстан халқына» қорынан 1,2 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтармен қамтылады, – делі Арал ауданының басшысы.

А.ӘЛІМ

Өлеңін өміріне балаған

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері Рүстем Жанайдың туғанына 80 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.



Тағлымды шараға халықаралық жазушылар одағының мүшесі, қоғам қайраткері С.Әбішев, денсаулық сақтау саласының үздігі, Қазалы ауданының Құрметті азаматы А.Кәдірбаев, «Әлімсақ» журналының бас редакторы, журналист Н.Нұрмаханов және «Orda» жоғары колледжінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

Кеш қонақтары айбынды жырымен, асақ үнімен, шынайы болмысымен ел жадында сақталған Рүстем Жанайдың өмірі мен шығармашылығынан өрнекті әңгімелер

айтып, артында өшпейтін із қалдырған ақынның өміріндегі елеулі сәттер туралы естеліктер айтты. Оқырман ақынның сыршыл өлеңдерін оқып, көпшілікті тәнті етсе, облыстық филармонияның дәстүрлі әншісі Б.Орынбасар ақынның сөзіне жазылған «Ақұдайлар» әнін құйқылжыта орындады. Оқырманнар шара барысында «Өмірі өлең боп өрілген» атты кітап көрмесімен танысты.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің 2024 жылғы I жартыжылдық бойынша қалаға қарасты кент, ауылдық округ және қала тұрғындарымен кездесулерін өткізу КЕСТЕСІ

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1.	Тасбөгет кенті 3.Шүкіров көшесі №8 мекенжайында орналасқан №11 мектеп-лицейінің маңы	2024 жылғы 24 мамыр сағат 15:00
2.	Белкөл кенті Бірлік көшесінің бойында орналасқан демалыс орнының аумағы	2024 жылғы 24 мамыр сағат 17:00
3.	Ақсарма ауылдық округі Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан салынған дәрігерлік амбулатория ғимаратының маңы	2024 жылғы 27 мамыр сағат 15:00
4.	Ақсуат ауылдық округі А.Найзағареев н/з мекенжайында орналасқан спорт кешенінің маңы	2024 жылғы 27 мамыр сағат 17:00
5.	Қосшыырау ауылдық округі Досан ауылы, Д.Елеусінов көшесінде орналасқан медициналық бекетінің маңы	2024 жылғы 28 мамыр сағат 15:00
6.	Қарауылтөбе ауылдық округі Абай көшесі №27 мекенжайында орналасқан ауылдық клуб маңы	2024 жылғы 28 мамыр сағат 16:00
7.	Қызылжарма ауылдық округі Қ.Сексенбаев көшесінде орналасқан Тағзым алаңының маңы	2024 жылғы 28 мамыр сағат 17:00
8.	Қызылөзек ауылдық округі Е.Дәуітбаев көшесі №2 мекенжайында орналасқан №39 орта мектебінің ауласы	2024 жылғы 29 мамыр сағат 15:00
9.	Талсуат ауылдық округі Ақмешіт н/з мекенжайында орналасқан ауылдық клуб маңы	2024 жылғы 29 мамыр сағат 17:00

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1.	Арай шағын ауданы, саяси қуғын-сүреін құрбандарына арналған мемориалды ескерткішінің маңы	2024 жылғы 30 мамыр сағат 15:00
2.	Шұғыла мөлтек ауданы, Қызылорда ашық университетінің маңы	2024 жылғы 30 мамыр сағат 16:00
3.	С.Торайғыров пен Қорқыт ата көшелерінің қиылысы	2024 жылғы 30 мамыр сағат 17:00

Халықпен кездесулер өткізілгеннен кейінгі жергілікті атқарушы органдардың, әлеуетті құрылымдардың/прокуратура, полиция/басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен азаматтарды жеке қабылдауды өткізу кестесі

Р/С	Өтетін орны	Өткізілетін мерзімі
1.	«AMANAT» партиясы қалалық филиалы ғимараты	2024 жылғы 05 маусым сағат 16:00-18:00-ге дейін



БАСПАНА. БАҒДАРЛАМА. БАҒА.

«Отау» кімдерге мүмкіндік береді?

Биылғы наурыз айының бастап іске қосылған «Отау» бағдарламасы баспанасы жоқ жастар мен отбасыларға арналған. Талап бойынша баспаналы болғысы келетін азаматтар 30 сәуірге дейін «otabybank.kz» порталы арқылы өтініш беруге тиіс екені хабарланды. Бұл бағдарламаға жасқа да, көрігі де ортақ, яғни 18-ден 63 жастағы азаматтардың қатысуына болады. «Отаудың» өзге бағдарламалардан ерекшелігіне тоқтала кетейік.

Бағдарлама ережесіне сәйкес, қатысушының жинақ шотының ашылғанына 18 ай толғаны ескеріледі және олардың отбасының атында соңғы 5 жылда жылжымайтын мүлік болмауы тиіс. Өтінім беру кезінде депозиттегі жинақ көлемі 1 млн теңгеден кем болмауы қажет. Өтінім беру уақыты аяқталғаннан кейін otabybank.kz сайтында қатысушылар тізімі автоматты түрде жасакталады. Іріктеуден өткен қатысушылар 40 жұмыс күн ішінде несиелік өтінім бере алады. Банктен оң мақұлдау алған жағдайда несиелік өтінім 6 ай ішінде жарамды болады. «Отау» бағдарламасының шарттары: алғашқы жарна – 20 пайыздан бастап, несие мөлшерлемесінің жылдық көлемі 9 пайыз, ал несиеу мерзімі – 19 жылға дейін, – деді «Отбасы» банктің Қызылорда облысы бойынша филиал директоры Әділжан Рахымжанұлы.

тексеріледі. Бағдарлама мерзімі – 8 жыл. Осы уақыт ішінде елімізде 68 мыңға жуық азамат баспаналы болады деп жоспарланған. Сәуірдің аяғында іске қосылған бұл бағдарлама бір ай ішінде ел бойынша 17 мыңнан астам өтінім түсіп, оның 9 мыңдайы қабылданыпты. «Отбасы банк» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимованың мәліметіне сүйенсек, өтінім тапсырғандардың ішінде 4 мыңдайы әлеуметтік осал топ санатынан. Оның ішінде көпбалалы отбасылар, жетім балалар және апатты үй тұрғындары. Бағдарламаға қатысуға талаптанғандардың 62 пайызы – 35 жасқа дейінгі жастар. Тағы бір атап айтарлығы, үй алғысы келетіндер «Баспана маркет» порталы арқылы өтінім беріп ғана қоймай, пәтер таңдауға да мүмкіндік бар. Бұл қызмет – жаңа бағдарламаны негізге алып бағаның өсуіне тосқауыл қою. Яғни жаңа бағдарлама нарықта тұрғын үй бағасының өсуіне әсер етпеуі тиіс.

Баға қалай құбылды?

Әдетте, бағдарлама іске қосылса, бағаның құбылатыны аян. Жыл сайынғы инфляция, құрылыс заттарының қымбаттауын айтағанда, сарапшылар жаңа бағдарламалардың тұрғын үй бағасына айтарлықтай әсер ететінін айтып жүр.

Өткен айда «Курсив» ақпараттық порталы мемлекеттік бағдарламалардың тұрғын үй бағасына қалай әсер ететіні туралы зерттеу жариялады. Ондағы сарапшылар пікіріне

Ескі дәуірдей ортақ меншік, жалпыға бірдей игіліктің заманы өтті. Нарық қағидасында әрбір азамат алпауыт компаниядан шағын цехқа дейін дербес иелік ете алады. Тіпті тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекет меншігінде болған нысандар жеке адамның иелігіне көшіп, экономиканың жаңа белесі басталғаны бар. Бүгінде бұл үрдіс жаңа сипатқа еніп, қойылатын талап түрленген.

Көбісі жекешелендіру үрдісі өткен ғасырдың соңындағы өзгеріс деп түсінетіні жасырын емес. Алайда аталған қазір де саяси шешім жалғасуда. Мәселен, мемлекет бірнеше жыл көлемінде жекешелендірудің жаңа толқынын бастап, стратегиялық және әлеуметтік маңызы бар нысандарға дейін жекенің меншігіне беруді көздеп отыр. Мұның тиімді-тиімсіз тұсы туралы талқы көп, алайда экономикалық пайдасына ешкім шек келтіре алмайды.



ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ. ЖЕҢІС ПЕ, ЖЕҢІЛІС ПЕ?



Мәселе – қунда. Яғни нысанның нарықтық бағасында. Алаң да осы тұста туып отыр. Себебі 90-жылдардың бас кезінде көптеген балабақша, мектеп, әлеуметтік нысан азғантай қаржыға жекенің қолына өтті. Ақшасы барлар қос-қостан кәсіпорын алып, бір сәтте табысты адамға айналып шыққан оқиғалардың куәсі де болды. Қаншама қаныраған балабақша, мәдениет үйі, кітапхана бір-ақ сәтте сәулетті мейрамхана мен тойханаға айналып шыға келді. Әрине, сол кездегі үкімет тәжірибесі аздығы, халықтың сатып алу әлеуеті де ескерген болар, салаға аса маңызды талап қоймады. Кейін бейберекет қолды болған нысандарды миллиондаған қаржыға кері сатып алды. Мұндай қателік қайталанбас үшін жекешелендірудің жаңа толқынында талап пен күн ерекше бақылауға алынған.

Сонымен, жекешелендірудің жаңа толқыны жүрде. Тиісті министрлік «2021–2025 жылдары жекешелендіруге жататын республикалық меншіктегі ұйымдардың тізбесін» жекенің меншігіне өтуі ақтимал нысандар тізімін жариялаған болатын. Мәселені реттеу үшін Үкімет арнайы қаулы қабылдап, жобаның жүзеге асу жолын жүйелеуге тапшыды. Аталған қаулы өткен жылдан бастап күшіне енеді. Бұл жолғы өзгеріс не тым ерек. Сала мамандарының сөзінше, өңір басшылары әкімдікке қарасты кәсіпорын-компанияны қалаған кәсіпкерге беріп, онымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік келісіміне отыра алады. Бұл «бармақ басты, көз қысты» әрекет белең алады деген сөз емес. Есеп пен сұрау жетерлік. Мәселен, министрлік жылына екі мәрте ашық алаңда есеп беруі міндеттелген. Оған сәйкес, қандай актив қаншаға сатылғаны, қай кәсіпорын инвесторлардың қызығушылығын тудырмай, жойылғаны, қайсыларының МЖӨ жобасына айналғаны туралы толыққанды есеп ұсынылады. Бұл бақылау ғана емес, талдау жүргізуге де жол ашары анық.

Реті келгенде айта кетейік, 2021–2025 жылдары 137 республикалық меншік жекеге өтпекші. Бұл толық цифр емес, тізбе ұлғаяуы мүмкін. Ал ірі ұлттық компаниялар инвесторлармен әріптестік немесе IPO-ға шығу жолымен жекешелендірілмек.

Екінші толқының пайдасы тек қаржыда емес. Жоба аясында сармаған

компанияларды өзара біріктіріп, жүйелі басқару формасын жасауға мүмкіндік туған. Бұл өзгеріс туралы қаржы ведомствосы мәлімдеген: «Жекешелендірудің екінші толқынында «ҚазАгро» мен «Бөйтерек» «Самұрық-Қазына» ұлттық холдингінің құрамынан шығарылады. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» қорының 6 компаниясын бәсекелестік ортаға тапсыру көзделсе, ұлттық әл-ауқат қорының 6 ұйымындағы жекелеген қызмет түрлері қысқартылады», – деген еді.

Әрине, кез келген бастамаға сын-пікірдің айтылуы орынды. Жекешелендіруге қатысты да сарап-

сыру басталғаннан бері 330 млрд теңге сомаға 383 нысан сатылды және кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілді және 70 нысан қайта ұйымдастыруға және таратуға жіберілді. Бүгінде 25 нысан сатуға қойылған болса, 179 нысан сату алдындағы дайындықта тұр, – деді ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров.


Автономды басқаруға қолайлы нысандар жекенің меншігіне өткеннен зиян шекпесе, қарсы шығу орынсыз. Оның үстіне дамыған елдердегі ЖОО мен денсаулық сақтау мекемелерінің басым дені кәсіпкерлердің иелігінде. Бұдан сервис жығылып, сала кенжелемейді. Керісінше, кәсіпкерлер өзін дегендегі күшім бар» деген ұстаныммен ісін дамытуға күш салады. Содан болар, Еуропадағы жекеменшік әлеуметтік нысандар мемлекеттік мекемелерге қарағанда бәсекеге қабілетті.

Бізге де жекешелендірілген нысандар жетерлік. Бір қызығы, қаладағы денсаулық сақтау нысандары мен облыс орталығындағы арнаулы, ЖОО-ның басым бөлігі жекенің иелігінде. Сондықтан аталған өзгерісті қауіп көзі деп емес, даму тетігі ретінде қабылдаған жөн секілді. Себебі жанару мен заман талабына сай сала ғана алға жылжытыны анық.

Р.С. Апта бұрын Мемлекет басшысы Экономиканы ырықтандыру шараларына қатысты Жарлыққа қол қойды. Президент пәрменімен бәсекелестікті дамыту, бизнес шығындарын азайту арқылы кәсіпкерлік еркіндікті қамтамасыз ету үшін Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офис құрылмек.

Бұл ұйым жекешелендіруге жататын мемлекеттік активтердің талаптарын әзірлейді. Сонымен бірге «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорындағы корпоративтік басқару мен сатып алу процесстері жолға қойылады деп жоспарланған. Бұдан бөлек, квазимемлекеттік ұйымдардың коммерциялық қызметінің қолжетімділігі, техникалық шарттарды алу және инженерлік желілерге қосылу рәсімдерін жеңілдету мен автоматтандыру көзделген. Демек, саладағы өзгеріс әлі алда.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ



– Тағы бір ескере кететін жайт, бағдарлама талабына сай «Отау» арқылы тек жаңа үйлерден ғана пәтер алуға болады. Бұл – Астана, Алматы және облыс орталықтары тұрғындары үшін қойылар талап. Ал елді мекендер үшін қайтала нарықтан үй таңдауға мүмкіндік бар. Ал ипотеканың шекті сомасына келсек, Астана мен Алматы қалалары үшін 30 млн теңге болса, өзге өңірлерде 18 млн теңге шамасында.

Айта кетелік, ел бойынша бүгінгі күнге дейін бағдарлама аясында 25 адамның өтінімі қабылданып, 8 мың адам үй таңдауға кірісіп кетті деуге де болады.

«Наурыздың» шапағаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен ұлттық құрылтайда «Наурыз» атты жаңа бағдарлама қабылданатынын айтқан еді. Ел Президентінің тапсырмасына сай жаңа бағдарлама іске қосылды. Бұл бағдарламаның да өз талаптары бар. Атап айтқанда, алғашқы жарна 20 пайыздан басталады, азаматтардың барлық санаттары үшін несие пайызының жылдық мөлшері 9 пайыз болса, әлеуметтік осал топтағылар үшін 7 пайыз. Несие мерзімі – 19 жыл. Бағдарламаға барлық санаттағы азаматтар қатыса алады. Бағдарлама аясында тұрғын үйді алғышы нарықтан, сондай-ақ шағын қалалар мен елді мекендерде қайталама нарықтан сатып алуға болады. Заемның ең жоғары мөлшері Астана, Алматы қалалары үшін 36 млн теңге болса, өзге өңірлер үшін 30 млн теңгеге дейін. Бағдарламаға қатысу үшін «Отбасы» банкінде депозит ашу керек. Алайда салым мерзімі ескерілмейді. Жинақ шотында кемінде 1 млн теңге қаржысы болу шарт. Сондай-ақ соңғы 5 жыл ішінде азаматтардың және оның отбасы мүшелерінің меншігінде тұрғын үйдің болмауы

сүйенсек, мемлекеттің тұрғын үй нарығына қаржы құюы халықты баспанаман қамту мәселесін шеше, екінші жағынан бағаның қымбаттауына әсер етеді дейді. Мәселен, 2021–2022 жылдары жаңа тұрғын үйлердің бағасы 20–25 пайызға өссе, екінші нарықтағы баспана бағасы 35 пайызға қымбаттаған. Тұрғын үй бағаның қымбаттауына пайызы төмен мемлекеттік бағдарламалар мен зейнетақы қоры қаржысы есебінен жеңілдік жасау қатты әсер етіп, бағаны аспандатып жіберген. Сондай-ақ сарапшылар мемлекеттік бағдарламалар екінші деңгейлі банктердің ипотекалық несие беруіне бәсекеге қабілеттігін де әлсіреткенін айтады.

Ал биыл баға қандай? Бұл орайда Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың сәуірі мен биылғы сәуір айында тұрғын үй бағасында айырмашылық бар. Яғни жаңа тұрғын үй бағасы 1,6 пайызға, екінші нарықтағы үй бағасы 0,1 пайызға өскен. Жаңа үйлер Ақтөбе қаласында 9,5 пайызға, Қызылорда қаласында 7,1 пайызға қымбаттаған. Ал екінші нарықтағы тұрғын үй бағасының қымбаттауы бойынша Атырау (12,2 пайыз), Жезқазған қалалары (7,1) көш бастап тұр. Сондай-ақ ел бойынша бір айдың ішінде пәтерлерді қайта сату 1 пайызға өскен. 2024 жылғы сәуір айында тұрғын үйді сатып алу-сату бойынша 31 248 мәміле тіркелген, оның ішінде жеке үйлер бойынша 7 830 және көпкәсіпорындар үйлердегі пәтерлер бойынша 23 418 мәміле жасалды. 2024 жылдың наурызымен салыстырғанда (26389) тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны 18,4%-ға өсті. Мәмілелер саны бойынша, бұрынғысынша, Астана (5583 – 17,9%) және Алматы (4949 – 15,8%) қалалары, сонымен қатар Қарағанды облысы (2668 – 8,5%) көш бастап тұр. Мәмілелер саны Ұлытау облысында ең аз – 333 бірлік (1,1%).

Қалай айтсақ та, мемлекеттік бағдарламалар халықтың баспаналы болу мәселесін шешуде тиімді тетік болып тұр. Ал нарықтағы баға жайы басқа мәселе.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



ҰРЛЫҚ БОЛМАС ҮШІН БІРАЗ КҮРЕСТІК

Тәуелсіздің алғашқы жылдарында бұл ауылда мал ұрлығы көп болған. Бірақ бұл мәселемен батыр ауылының тұрғындары мықтап күресіпті. Бұл туралы Ақжарма ауылдық округі бастауыш ардагерлер кеңесінің төрағасы Темірбек Қазыбеков айтып берді.

– Шыны керек, сол бір қиын кезде ауылда мал түгілі, тіпті картопты қабымен ұрлап кететіндері де кездесті. Мұны сырттан келіп жасайтынын да білдік. Егер ауылдың адамдары болса, белгілі болар еді. Өз басым жылқымыз ұрлақтанның бірімін. Бірақ малды да, ұрыны да таппадық. Ал кейіннен бірталай қылмыс ашылып, біраз адам ұсталып, сотты болды.

Қазір ауылымыз күндіз де, түнде де тыныш. Халқы да ешнәрсені уайымдамай ұйықтайды. Өйткені бұрынғыдай ұрлық жоқ. Ұрлыққа жол бермеу үшін біраз жұмыс істедік, – дейді ардагер.

– Қалай күрестіңіздер?

– Сол кезде ауылдан арнайы бірнеше адам болып, топ құрдық. Сөйтпін, түнгі уақытта кезектесіп, аралайтын болдық. Әрине, учаскелік полициямен де бірлесіп жұмыс істедік. Нәтиже болды. «Ұрылар малды қалай қолға түсіретінін зерттеп білдік. Жайылымда жүрген малды аңдып, ешкім жоқ кезде атып, тығып қояды екен. Сәлден соң қаладан көлік келіп, соған етін салып жіберіп, терісін сол жерге тастап кететін. Талай малдың терісі табылды. Артынша ет тиген көлік ұсталып жатты.

Қазір ауылдың жағдайы өзгерді. Біріншіден, ауылда жұмыс бар. Осы күні ешкім бос жүрмейді. Бәрінің өз тірлігі бар. Бірі қалада жұмыс істесе, енді бірі күріш егуде. Жұмыссыздық жоқтың қасы. Ал жастар жағы спортпен шұғылданады. Тіпті зейнетке шыққандардың арасында жұмыс істеп жатқандары да бар. Бұл ауылдың әжелері де өнерлі, ән салады. Аталары шахмат ойнайды. Қарап тұрсаң, бос жүрген адамды көрмейсің.

Учаскелік полицияның жұмысына да көңіліміз толады. Жасұлан Сарбалаев деген өте жақсы жігіт. Қаланың баласы болса да, ауылдың бар адамын танып алған. Бәрімізбен тығыз байланыста. Негізі ауылда ұрлықтың болмауы да полиция қызметкеріне байланысты. Өйткені тәртіп сақшысы күндіз-түні дамыл таппайды, – дейді ауыл ақсақалы.

ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕНГЕ ДЕ БАРДЫҚ

– Ауылымыз тыныш. Тонап кетеді деп алаңдамаймыз. Сенесіз бе, ауылдағы ағайынның бәрі менің қандай құлыппен құлыптайтынды біледі. Тіпті өзгелер есіктің сыртына қауіпсіздік үшін теміртормен қоршап та қояды ғой. Біздің дүкен жай құлыппен ғана тұр. Терезесі де әйнек. «Соны сындырып кете ме екен» деп те ойлаған емеспін. Ауылдың бар адамын танымыз ғой. Бәрі ағайын сияқты. Учаскелік полициямен де танымыз. Жиі келіп тұрады. Оның да жұмысына ризамыз, – дейді дүкен сатушысы Таңшолпан Асылбекқызы.

Сол сәтте дүкенге азық-түлік алуға ақжаулықты әже кірді. Әжемізбен де сәлемдесіп, танысып, әңгімелескенді жөн көрдік.

– Осы ауылда тұрғаным 60 жыл болды. Сегіз баланың анасымын. Қазір жасым 85-ке келді. Бұрын ұрлық көп болған кез де болды. Қазірдің өзінде кей жерлерде әлі бар ғой. Ал біздің ауылымыз тыныш, шүкіршілік етемін. Өйткені айналысатын тірлігі бар. Әлеуметтік жағдайы да жақсы. Түнгі ұйқымыз да тыныш. Учаскелік полиция баламды да танымын. Өте жақсы жігіт. Көшеде көре қалса, дереу амандасып, жағдайымызды сұрап тұрады, – дейді ауыл тұрғыны Бактыгүл Байшаева.

АУЫЛДА БҰЗЫҚ БАЛА ЖОҚ

Ауылға келген соң мектепке бас сұққанды жөн көрдік. №218 орта мектепке 320 бала білім алуға. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлмекен Батырбекованың айтуынша, мектепте тәрбиесі қиын, бұзық бала жоқ.

– Ауылымыз шағын әрі тыныш. Оқушылар арасында да ұрлық болған емес. Әр үйдің тәрбиесі мықты. Балалар сабақтан тыс уақытта түрлі сайыстарға, спорттық жарыстарға қатысады. Алды республикалық жарыстарға барып, жүлделі орын алып, жеңіспен келіп жатыр. Ол да біздің мақтанышымыз. Білімі, жетістігі жағынан алдығы қатардағы мектептің біріміз.

Ал жоғары сынып оқушылары ҰБТ-ға дайындық үстінде. Биыл «Алтын белгіге» үш үміткеріміз бар. Үмітімізді ақтайды деп сенеміз. Өйткені балаларымыз – білімді, тәрбиелі. Шағын ауыл болса да, мектеп оқушыларының жетістігі көп. Сонымен қатар бала тәрбиесіне де аса мән беріміз керек. Қанша жерден тәрбиелі болса да, олардың жүріс-тұрысын назардан тыс қалдырмаймыз. Аптасына үш рет рейд жүргізіп тұрамыз. Арасында ата-анамен де бірге шығамыз. Ондағы мақсатымыз – түнгі мезгілде оқушылардың бей-берекет жүруіне тыйым салу. Түнгі 22.00-ден асқан кезде көшеде жүрген баланы көрсек, ескерту жасап, үйіне қайтарамыз. Учаскелік полиция қызметкері де келіп, мектеп жайын сұрап тұрады, – дейді Ұлмекен апа.

ЖАСҰЛАНДЫ ЖІБЕРГІСІ ЖОҚ

Ауылдың кез келген тұрғынынан «учаскелік полиция қызметкерін танысыз ба? Жұмысын қалай атқарады? Қайда тұрады?» деп сұрадық. Тұрғындардың жауабы бірдей. «Иә, танымыз. Жасұлан деген жігіт. Өзі жас болса да, мықты маман» десе, үлкендер жағы «ол бізді көре сала көлігінен түсіп, жүгіріп келіп, қолымызды алады. Сондай кішіпейіл» десті. Оған қоса «тұрғындармен тығыз жұмыс істеп, емін-еркін араласып, бәрін танып алған. Қаланың баласы болғанымен ауылда бір үйді ұрлап тұрады» деген пікірлер де айтылды. Тіпті көптің сөзі бір жерден шығып, Жасұланды маманнан айырылғысы келмейтінін де жеткізгендер болды.

Жасыратыны жоқ, кей ауыл халқы тәртіп сақшысын тани бермейді. Тіпті көрмейді де. Жұмысы ауылда болса да, қалада тұратын ауыл халқын танымайтын тәртіп сақшылары да жоқ емес.

ТӘРТІП САҚШЫСЫ НЕ ДЕЙДІ?

Ауылдың тыныштығына, қауіпсіздігіне тікелей жауап беретін учаскелік полиция қызметкері Жасұлан Сарбалаевпен де тілдестік.

– Жасұлан, ауыл тыныш па? Ұрлық жоқ деп естідік. Рас па?

– Рас. Осы ауылға учаскелік полиция қызметкері болып келгеніме бес жыл уақыт болыпты. Әдепкіде ұрлық жасайтындар болды. Бірақ артынша олар ұсталды. Олар алты жылға бас бостандығынан айырылды. Өйткенмен «ұрылар ұсталды» деп қарап жатқанымыз жоқ. Біз де өз тарапымыздан шарамызды жүргіздік. Қазір ауылдағы жағдай тыныш, бірқалыпты. Жайылымда жүріп, жоғалып кететін мал болуы мүмкін. Алайда бұрынғыдай қорасынан алып кететін оқиға жоқ деуге болады. Сонда да болса, түнгі мезгілде ауылды түгел аралап шығамын. Көшеде кім жүреді? Соның бәрін қадағалау – менің міндетім.

Маман ретінде айта кетсем, заң күшейтілді. Соның да ықпалы әсер етті. Бүгінде алтын немесе ұялы телефон секілді басқа да бағалы заттарды ұрлаудан бөлек, мал ұрлығы бөлек қаралып, заң талабы қатаңдатылды.

– Ауылдағы ағайынның бәрі сіздің жұмысыңызға жақсы баға беріп жатыр. Оған не себеп? Тұрғындардың бәрін танысыз ба?

– Бастапқыда ауылға келген кезде барлық адаммен өзін амандасып, өзінді таныстырып, олардың аты-жөндерін сұрап, таныса бердім. Көшеде бір адам кетіп бара жатса да өзін амандасып, танысып алатынымын. Тіпті арасында танысқан адамды ұмытып қалып, екінші мәрте танысқан кезім де болған. Қазір үлкен-кішісін бәрін танымын. Негізі бәрімен тығыз байланыс орнатып, бәрін таныған да дұрыс екен. Сол кезде жұмыс та алға басалы, халықпен де жұмыс істеу қиына соқпайды. Оған қоса, ауыл тұрғындарымен жиі кездесу өткізіп, қауіпсіздік шараларын түсіндіріп отырамын. Арнайы чатымыз да бар. Күндіз де, түнде де қандай да бір мәселемен, сұрақпен іздеп қалса, мені оңай табады. Осы кезде бүкіл ауыл ағайынның секілді болып кеткен, – дейді ауылдық тәртіп сақшысы.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Ауыл тұрғындарының 60 пайызы мал шаруашылығымен айналысады екен. Әр үйде жоқ дегенде бір сиырдан бар. Тұрғындардың бос уақыты да жоқ, өзге іспен шаруасы да жоқ... Міне, ауылдың бүгінгі тірлігі.

Бетті дайындаған Ақтолық НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

ҰЙҚЫСЫ ТЫНЫШ АУЫЛ

Қоғамда түрлі қылмыс көбейген тұста «бұл ауылда бірде-бір қылмыс тіркелмеген» деген жаңалық болатыны рас. Бұл сөзге көп адам селт ете қалары сөзсіз. Себебі ұрлық-қарлық, алаяқтар көбейгенге етіміз өліп бара ма қалай? Осы орайда сүттей ұйған Баймұрат батыр ауылына бет бұрдық. Ауылдың бір ерекшелігі, ұрлық-қарлық, қылмыс дегенді ұмытқан.

Ауылға кіре бергеннен тұзу көше бойымен жарыса өскен жасыл ағаштары ерекше көзге түседі. Тап-таза, жып-жинақы, тып-тыныш ауыл. Расында, Баймұрат ауылында ұрлық-қарлық атымен жоқ. Мұны естігенде өзіміз де сенбедік. Бірақ шынында, солай. Оны ауыл әкімі де, учаскелік полиция да, тұрғындары да айтты. Міне, ұрлық дегенді білмейтін, жайбарақат күй кешіп жатқан ауылдағы бір ерекшелік – осы!

АУЫЛДЫ АРАЛАДЫҚ

Алдымен ауылды өзіміз бір аралап шыққанды жөн көрдік. Көлікпен емес, жаяулатып... Бір байқағанымыз, ауыл көшелерінің де жайы жақсы. Тұзу, тегіс көшенің бойына жарық шамдар да орнатылған.

Ауылдың ауасы да ерекше, шенгел гүлдеп, жасыл желегі жайқалып тұр. Жалпы бұл ауыл жасыл-желекке оранған. Биыл 500 сыр талы мен терек көшетті отырғызылыпты. Ал тазалығында мін жоқ. Ауыл ішін аралап жүргенімізде бірде-бір қоқыс көзге түспеді. Таза болатынына себеп те бар. Көркейтү-қоғаландыру айлығында мекемелер сенбілікке белсене атсалысады. Сондай-ақ қоғамдық жұмысқа тартылған тазалықшыларды да кездестірдік. Арнайы формаларын киіп, ауыл тазалағына барыпша атсалысып жүр. Ауылдағы жанаша салынған, жақында

берілген дәрігерлік амбулатория да, білімі, жетістігі жағынан жоғары деңгейде көрініп келе жатқан білім ұясы да, түрлі мәдени шараларды ұйымдастырып жатқан мәдениет үйі де, мешіті де көзге менмұндалап тұр.

Батыр атындағы ауыл тұрғындары да бір-бірімен бауырмал. Бір-бірімен амандасып, жағдай сұраспай өтпейді. Тіпті кішкентайларына дейін камкор ма дерсіз... Ағасы інісіне камкорлық танытып, мектептен велосипедпен алып бара жатқан көрініс те сондай тартымды. Сонымен қатар ауылға №32 маршрут күніне 7 мәрте қатынап тұр. Содан да болар, олар қалаға бару үшін жеке көліктің қызметіне мұқтаж емес.

АУЫЛДА ҰРЛЫҚ ТА, БАСҚА ҚЫЛМЫС ТА ЖОҚ

Бұл – ауыл әкімі Саттар Әбдіреєвтің сөзі.

– Осы ауылға әкім болып келгеніме бір жылдан асып барады. Баймұрат батыр ауылы 1958 жылы құрылған. Социалистік Еңбек ері Амангелді Ахметов туған ауыл. Жалпы Ақжарма ауылдық округінің жетістігі жеткілікті. 1500 тұрғыны бар. Ауыл халқы егін, мал шаруашылығымен айналысады. Малы бар үй баршылық. Кем дегенде сауын сиыр ұстап отыр. «Қорадан малымызды ұрлап кетеді» деп ешкім алаңдамайды. Тіпті әлеуметтік дүкен жұмыс істейді. Сенесіз бе, сатушысы дүкенді жай құлыппен құлыптай салады. Өйткені ауылдағы ағайынға сеніп кеткен. Себебі ауылда ұрлық-қарлық жоқ, – дейді С.Әбдіреєв.

«Тыныш ауылдың толымды тірлігі қандай?» деп сұрақ қойдық. Ауыл әкімі Саттар Әбдіреєвтің айтуынша, былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 33,3 млн теңгеге Баймұрат батыр ауылынан ұзындығы 2,85 шақырым болатын 3 көшеге түнгі көше жарық бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде М.Мәметова, А.Құнанбаев көшелерінің аяқ жақ бөлігіне ұзындығы 0,5 шақырым болатын түнгі көше жарығы орнатылды. Оған қоса Баймұрат батыр ауылына жаңадан 3 аялдама орнатылса, ауылға жол белгілерін қойды.

– Биылғы басты жаңалық – дәрігерлік амбулатория халық игілігіне табысталды. Бұл тұрғындардың асыға күткен жаңалығы. Осы күні амбулатория жұмысын бастап кетті. Негізі жоспар бойынша ауылда атқарылатын тірлік көп. Ауылдық округ бойынша құны 367,9 млн теңге болатын 19 көшеге қиыршық тас төсеу үшін жобалық-сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы шықты. Жеңімпазы «Ақнұр-Авто» ЖШС анықталып, жұмыс жүргізілуде. Балалар ойын алаңына жөндеу жұмысын жүргізу қолға алынбақ. Ауылда ауызсудан мәселе жоқ. Ал аяқсуға байланысты Шіркөйлі каналынан Баймұрат батыр ауылына аяқсу келетін сағасына жаңадан құбыр салынды.

Елді мекендегі 9 шақырым 2 көшеге жаңадан асфальт төсеу үшін және 1,2 шақырым болатын 1 көшеге жолды қайта жаңғырту жұмысы бойынша «ТМ Проект Строй» ЖШС-мен жобалық-сметалық құжаты дайындалуда. Сонымен бірге 5 көшеге жаяу жүргіншілер жолын жүргізу үшін 73,9 млн теңгеге республикалық бюджетке өтінім ұсынылды. Демеушілік есебінен жабық спорт кешенін салуға жобалық-сметалық құжаты әзірленуде.

Алдағы уақытта да көшелерді жарықтандыру жұмысы да жалғасалы. Сондай-ақ ауылдағы бір мәселе – газдандыру. Бұл жоба да назардан тыс қалмайды. Қазіргі таңда қалалық құрылыс бөлімі арқылы конкурс жарияланды. Құрылыстың басталу мерзімі биыл деп жоспарлануда. Ал жоба құны – 1 млрд 366 млн теңгені құрап отыр, – дейді ауыл әкімі.



Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӘЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ІСО 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,
дережер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі
ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «АШ» баспа үйі ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2902 Тапсырма №771

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА